

БАЯН  
Анарбекова

Асыл  
адам  
айнымас

ОРЫСБАЙ  
Әбділдаұлы

**БАЯН**  
**Анарбекова**


*Асыл*  
*адам*  
*айнымас*

**ОРЫСБАЙ**  
**Әбділдаұлы**



Алматы  
«Ана тілі»  
ЖШС

2005



ББК 84 Қаз 7—5  
Ә 14

Ә 14 Анарбекова Б., Әбділдаұлы О.  
Асыл адам айнымас. Өлеңдер. Алматы: “Ана тілі” баспа-  
сы ЖШС, 2005. — 160 бет.

ISBN 9965—670—38—2

Отбасында жыр ошағын маздатқан қос ақын — қос қалам несі сирек те болса өмірде кездесіп тұратын құбылыс. Университет түлектері Орысбай Әбділдаұлы мен Баян Анарбекованың шығармашылық жолдары жұртшылыққа бұрыннан да белгілі. Жеке-дара жинақтары да жарық көрген. Ұрпақ тәрбиелесп, көсегесі көгеріп отырған отағасының және отанасының жыр топтамаларын бір мұқабаға біріктіріп, оқырман құзырына ұсындық. Шаңырақтағы екі ақынның жүрек дүрсілін бір кітаптың парақтарынан қосақтап оқу қалайда қызық көрінері сөзсіз.

Ендеше, ерлі-зайыпты шайырлар өлеңмен кестелеген ана тілінің құдыретіне құлақ түрелік...


Ә  $\frac{4702250202}{415(05)-05}$  — 05

ISBN 9965—670—38—2

ББК 84 Қаз 7—5

«Жамбыл ауданы  
өкімінің аудандық  
кітапханасы»

© Анарбекова Б., Әбділдаұлы О., 2005  
© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2005



# БАЯН

Жүрегім,


менің,

дүрсілде,

Көңлім,

менің,

күрсінбе...





## АҚЫНДЫҚ САПАРҒА АҚ ЖОЛ!

Бұдан біраз бұрын балауса талантымен көзге түскен Баян Анарбекова олеңдері өзінің сөз ажары, ой жұмырлығы, үйқас тыңдығы, сезім тұтастығы жағынан көңіл аударарды. Яғни, болашақ ақынның сапар ізі, өнер бастауы бар. Ол қазіргі қазақ қыз-ақындарының ішіндегі бір ерекше жаңа, жас буын өкілі. Анық ақындық орнек, үн, дауыс бар. Бар кезде ақыл, кеңес тауып отырса, бұл қаламның келешегі қуандыруы мүмкін. Оқушы жұртшылық оның әзірге тақырып ауқымының тарлығын көре тұра, бір құбылысқа дәл назар аударуы тиіс. Ол оның бүгінгі ауыл, бүгінгі малшылар өмірін жазудағы әдемі бетбұрысы. Мұны әбден құптайтын болуымыз керек, әрине. Өйткені, ақындық тұлғаны көрсету үшін де, болашақ олең кітабының бедерін салу үшін де бірден-бір қажет шарт бұл.

Сонымен, Баянның ақындық сапарына ақ жол тілейміз!

*Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ.*

*“Лениншіл жас”, 1976 жыл,*

*10 июнь.*

**БӨПЕМЕ, АТА, БЕР БАТА!**

(Жамбылға)

Ақ күміс сақал жан ата,  
Ақ күйрық шайға қан ата.  
Аруағың жүр ғой айналып,  
Ауылдың сыртын таң ата.

Күреңге мінген киелім,  
Өлең-жыр артқан түйелім.  
Бөпемді басып кеудеме,  
Алдыңа басымды иемін.

Аңыздай ғұмыр кешіп ең,  
Өлеңнен болып несібең.  
Жайылды даңқың жаһанға,  
Тарихтың ұлан көшімен.

Алатау сынды асқарлым,  
Алуан сырлы астарлым.  
Өр мінез өжет болсам да,  
Атыңнан ата жасқандым.

Меймілдеп тұрған мейірлім,  
Табиғат тектес пейілдім.  
Жырыңнан қуат-күш алып,  
Қаншама мұңнан сейілдім.

Қорғасын оқты білтелім,  
Ақ тұяқ тұлпар күлтелім.  
Дариясында жүзіп дастанның,  
Мүлгіген ойды сілкемін.

Сынығы болсын асылдың,  
Тұнығы болсын ғасырдың.  
Бөпеме, ата, бер бата,  
Алдыңа келіп бас үрдым!

## ДҮНИЕ

Күйқылжып көңіл Қырымға,  
Алтын ер салған тұлпарға.  
Шүйлігіп сұлу Бұрымға,  
Ұқсап та баққан сұңқарға.

Ақын бір күдірет мәнсапсыз,  
Еркелеп сөйлер жұртына.  
Тәкаппар, әттең, Кәмшат қыз,  
Шықпады ауыл сыртына.

Аққуға көкте үн қосып,  
Айкүміс сылаң қаққаны-ай.  
Қос ішекпен мұндасып,  
Үшты ғой бастан бақ талай.

Күмбірлеп қолда домбыра,  
Сәтине қыздың шебері-ай.  
Мейірін көптің қандыра,  
Күй шертіссек дегені-ай.

Қызыл шок сынды от тілі,  
Шыжғырып дене қарыған.  
Арқалы асыл тектіні,  
Бәлектің қызы жаныған.

Армандар әсте әр адам,  
Сұлудың демін жұтуды.  
Нұрбектің қызы Сарадан,  
Үшқындап талай жыр туды.

Ешкімге есе, дес бермей,  
Қаңтарған қыруар ақынды.  
Нұрила самал ескендей,  
Жамбылға жаны жақын-ды.

Сімірген сыңғыр күлкіні,  
Күләштің тыңдап күс үнін.  
Шөліркеп әнге жыр тілі,  
Сомдаған ару мүсінін.

Балқыған Дина күйіне,  
Шалқыған шабыт жыр-кеуде.  
Диірменнің тасы-дүние,  
Өтті де кетті бір демде...

## ҚҰЛЫНДАРЫМ

Масайраңдар, күліңдер, құлындарым,  
Желпілдесін жел тиіп тұлымдарың.  
Еркелігің ертең-ақ сап тыйылып,  
Еске аларсың ертекті мұның бәрін.

Ұнамайды біреуге күлкің ертең,  
Мұңаярсың бой жетіп, мүмкін, еркем.  
Сәби шақтың сәттері сағындырар  
Бір күн кештеу тұратын, бір күн ерте.

Ойыншықтан жасалған емес өмір,  
Әже екен деп қалмаңдар немесе бір.  
Босағадан аттарда мойын бұрып,  
Қабырғаңмен қапысыз кеңесе біл.

“Өзім білем” — ортеген өзекті сан...  
Ойсыздардан қашанда тез өтті сән.  
Желөкпелеу болмаңдар, әйтеуір, деп,  
Дүрсілдеген кеудеме кезек қысам.

Орманымда қаулаған тал шыбығым,  
Қызығына ойынның қаншы бүгін.  
Қиындықты көрсеңдер, мейілдерің,  
Пейілдердің көрмеңдер таршылығын...

## АНА СӨЗІ

Туа бойға дарыды ма  
Қасиетті тау бауыры.  
Күн шұғылалы жарығыма  
Риза туған ауылы...

Аңқылдаған өзеніндей  
Қарақыстақ аңғарының.



Қызылауыз кезеңіндей  
Көкке жуық заңғар ұлым:

Артық сөзге арқа сүйеп  
Алтын басың айналмасын.  
Алатауда бар қасиет  
Ауса деуші ем қайран басым!

Ол – биіктік иілмейтін,  
Салмақтылық қозғалмайтын.  
Ол – сұлулық, сүйілмейтін  
арналмайтын сөз қалмайтын.

“Ұлым шықты тау басына!” –  
Деп көзінен мұнар көшкен.  
Кеп отырған тәубасына  
Анаң барын шығарма естен!

## ҚОРҒАСЫН

Асық ойнап асыр салған інім кеп,  
Әкемізге қолқа салды күлімдеп.  
Қойнындағы көп олжасын ақтарды,  
“Сақа қылам шымыр шыққан бірін” деп.

Өңкей оңқай ірілерін салмақтап,  
Дәл тиетін дәулерін ол алды “оқтап”.  
Кенжесінің көңілі үшін “қарт мерген”,  
Бірге ойнады екі етегі далбақтап.

Бір асық та ата алмады шеңберден,  
Қайран жанар, тәңіректі тең қорген.  
Тарамыс қол талып қала береді,  
Қан майданның қаруларын меңгерген.

Сосын інім қорғасынды сақа алып,  
Берді әкеме: “ат енді, – деп – тақалым”.  
Коздеу қайда көз бұлдырап тұрғанда,  
Сасқанынан салалайды сақалын.

Ағытты да тамағының түймесін,  
Ұстай берді тыртық-тыртық шүйдесін.  
“Балам, – деді, – мына құрғыр қорғасын,  
Адам түгіл асыққа да тимесін!”

## ЖЕҢІС КҮНІ

Алақайлап жатады бала біткен,  
Аттамайтын адалдық ала жіптен.  
Жеңіс күнін жаңғыртып, жар салысып,  
Кеуде қағып қояды балалықпен.

Кемпір отыр кемсеңдеп көзін сүртіп,  
Қаншама жыл келеді сөзін іркіп.  
Жарын алып, жалғызын қоса жүтқан,  
Қу соғысқа шыдады-ау төзім шіркін.

Жаза алмайды еш нәрсе жан жарасын,  
Күтуменен өтті ғой таңдар асыл.  
“Сағыныштан сарғайған” деген сөзді,  
Кейуананың кейпінен аңғарасың.

Түн баласы ұйқы жоқ, өтті күндер,  
Қайғы-мұңның қисап жоқ көптігінде.  
“Қубас” болып бір өзі тұрып жатыр,  
Тілеуменен “қайтейін, – деп, – түбін бер”.

Еске салып баласын, қосағын да,  
Жеңіс күнін тойлайды осы ауылда.  
Шарапаты шығар-ау бұл Мамырдың,  
Сол ананың ұзақ жыл жасауы да.

Қоңілінде бір ғажап шуақ тұнып,  
Ара-тұра алады, жылап, күліп.  
Сары алтындай сақтайды ұшбу хатты,  
Өмір бойы өзіне қуат қылып!



## НАУРЫЗ

Құшағынан мұз дененің  
 Наурызек гүл бұлқынады.  
 Көктем-қыз-ау іздегені  
 Сері — самал жұлқынады.

Тауға қашып ақ күміс қар  
 Дала бумен демігеді.  
 Көктем кілең қақтығыстар  
 Шуда бұлттар желігеді.

Көк көрпесі есте түздің  
 Қозы бырт-бырт үзетуғын.  
 Сақпан жайып, кесте тіздім,  
 Мүйізді лак сүзетуғын.

Сайда сылқ-сылқ су ағады  
 Тоңған жердің көз жасындай,  
 Күн шуағы құалады  
 Отқа салған қорғасындай.

Көсеп күнді — қызыл отты  
 Көктем келді сылаң ете.  
 Мұз денені бұзып отті  
 Наурыз деген планета.

## АЙНАЛДЫМ, АПА, ДАУСЫҢНАН!

Сыңғырлаған жан апа, даусың қандай,  
 Шыңыраудан шырқасаң тау сынғандай.  
 Құшағыңа кіріп ап тыңдаушы едім,  
 Мақпал әнді маужырап мауқым қанбай.

Шалғынынан беткейдің шық тогіліп,  
 Коңішектің көз жасы шықты егіліп.  
 Жайлау үстін жаңғыртып жіберетін,  
 Жатпаса да жартастар түк те біліп.

Қой шетінде қосақтап арман-мұңды,  
 Қос құлақтың жарғағын жарған үнді

*Қонақтатып жаныңа тұрған қандай  
Сілкіп тастап жас қиял — қармағыңды.*

*Тылсымына әуеннің шым-шым батып,  
Сіміруші ем әдемі сыр сымбатын.  
Ал, бүгінде сылқым-сал сол әндердің  
Ұмытып қап әуелім жүрсің бе атын?!*

*Шәбен апа, дәл соған кім сенеді,  
Сағынышын Баянның білсең еді?!  
Өнбойымды суарған сұлу әнсіз  
Өмірімді ұзартқан күн сенеді!*

*Шырқашы, апа, айналдым, дауысыңнан,  
Халық әні кезі жоқ тауысылған.  
Алматыдан ауылға аңсап келіп  
Қайтпайыншы жандай боп тауы сынған!*

### САЛҚЫН САҒА

*Таңқурайы сыңсыған  
Тау сағасы жауратты.  
Тыныштықтан түншығам,  
Анам жусан лаулатты.*

*Бір топ торғай дүр ұшты  
Бүлк-бүлк еткен тамағы.  
Батқан күнмен тырысты  
Тарғыл таудың қабағы.*

*Көлеңкесі ұзарған  
Қызыл шетен көлбейді.  
Күннің көзі қызарған  
Бүгін қайтып келмейді.*

*Киіз үйдің түтіні  
Өзен орлеп кетіпті.  
Шекпен киген жұпыны  
Шопан науа бекітті.*

Түз жалаған жас қозы  
Мазалайды енесін.  
Сүт шашырап бас-көзі  
Шөгеді түседі денесі.

Таңқурайы сыңсыған  
Тау сағасы жауратты.  
Таза ауадан түншығам  
Анам жусан лаулатты...

### ҚЛАСТАСҚА

Тұрса мейлі көр тұман кетпей басып,  
Отарды айдап шығасың беткейді асып.  
Нөсер түгіл тас жауып жатсадағы,  
Қойды өргізбей тамақтан өтпейді асың.

Молт-молт тұнған шық үстін шиырлаған  
Саған сенбі, жексенбі бұйырмаған.  
Күн күркіреп, найзағай жарқылдаса  
Деп тұрасың “қамшыңды үйір маған!”.

Жылықы шуап, қой ығып, ешкі қашқан,  
Күні бойғы ақ жаңбыр кешке ұласқан.  
Ала бұлт пен қара бұлт кезек кошiп,  
Көзден бұл-бұл ұшады көкшіл аспан.

Тау жаңғырып, жасын от ойнағанда,  
Бір елестеп өтеді қой маған да.  
Бірақ соның бәрі де ұмытылады  
Көк жайлауда көсіліп тойлағанда...

### ОЙША ОРАЛУ

Алатаудан бұлақ қашып,  
Бұлт көшеді төбеден.  
Қане, құрбым, жыраққа шық,  
Дала қызық не деген!

Шалғын бойды жасыратын  
Терең өзек — сырлы өзек.



Асыр салып басылатын  
Бала болсақ бір мезет.

Үйшік-үйшік ойнайық та,  
Қуыршақты тербетіп.  
Шашуға бір тоймайық та,  
Ұлдар демде ер жетіп.

Құда түсіп, ұзатылып,  
Бір “қызымыз” жасанып.  
Түк ойы жоқ бұзақылық  
“Жігітке” еріп қашалық.

Ат қып мінген талшыбығын,  
Қусын қызды көрші бала.  
Түк білмес боп қалшы бүгін,  
Бөгде көзге ерсі ғана.

Жар-жар айтсын жігіт жағы,  
Беташарға бір кенеліп.  
Таулы өңірдің түбіт таңы  
Атсын сонда іргеленіп.

Өп-өтірік сыңсып қана  
Қыз жыласын шымылдықта.  
Алып қашқан қушық бала  
Тұрсын ептеп қыбыжықтап.

Сосын, сосын бесік тербеп,  
“Әлди, бөпем” басталсын.  
Бидайықтан есіп жөргек,  
Жапырақ жастық жасталсын.

...Кім біліпті ойын деген  
Шындыққа әкеп тірерін.  
Келіндікті мойындап ем,  
Бәрін де ұқты жүрегім.

Шалғын бойды жасыратын  
Шақырады сырлы озек.  
Асыр салып басылатын  
Бала болсақ бір мезет...

## ЖАНАРТАУ-ЖҮРЕК

Түйжырағаның тұңғық тылсым сыр әлем,  
Тап осы сенің табиғилығыңды сұрар ем.  
Мәңгілік мұзы мызғымай жатар тау сынды,  
Қайсар ұлдарға ғашық шығармын сірә мен.

Өмірде мына қалпында жүрсең болғаны,  
Жылулы жүрек жетектеп шығар жолға әлі.  
Сайрандау саған мұң болса, бәкім, мұң шығар,  
Жаныңда бірақ дөңбекшір жырдың толғағы.

Жымысқы жүрген пысықтардан парқың мол,  
Аппақ арың — алдында сенің жарқын жол.  
Өмірге деген көзқарасыңа қарап-ақ  
Таниды әлі-ақ тау тұлғалы қалпыңды ол.

Табаның кезіп кетпегенменен қыр асып,  
Қоңілің жүрдек, әлемді шарлап тұрасың.  
Төкегіңде жатып төгілтіп салған әнменен,  
Тік тұрғандардың қайғысын ұмыттырасың.

Тағдырға оқиен қарақазандай екен десем де,  
Ғаламат от бар жанартау жанар — кесеңде.  
Апыр-ай, деймін, айырбастап сені алса ғой  
Жер басып жүрген екі аяқты мешелге...

## МИУА МАУСЫМ

Жайнап шешек атты гүлдер,  
Бой балқытып тәтті күндер.  
Май шуағы жан жылытып,  
Махаббаттың пәктігін бер,  
Махаббаттың шаттығын бер!

Мазалағын ұйқыны ұрлап,  
Сыбдырлағын сиқырлы бақ.  
Сағындырып жеттің, сірә,  
Сырмінезді сүйкімді уақ.

Сырғам түскен бұлақ күлді,  
Шопан түлкі тұмақты ілді.  
Жасыл кілем жайып жерге,  
Мамыр шұғла шуақ кірді.

Ақ қанат құс жайып қанат,  
Шырқау көкпен байыптамақ.  
Гүл ұсынса ғашық жігіт,  
Қандай қыздар айыптамақ?!

Сезім-моншақ жаңа тізбек,  
Қалай ғана қанат үзбек.  
Жүрек лүп-лүп соғады тек,  
Жазғытұрым “ағат із” көп...  
Жастық маусым, мазда, лаула  
Май шуақтан тағат ізден!

## КӨКМАЙСА ЖАЙЛАУ КӨКЕЙДЕ

Қайдасың, қайда,  
аунаған шақтар беткейді,  
Көкмайса жайлау  
көкейден шіркін кетпейді.  
Кешкілік құлап,  
құзардан түссе қой маңып,  
Құла тас мініп,  
атам бір түрды ойланып.  
Көлеңке түскен  
ақ қанат үйдің түтіні,  
Белгісі күнде  
қол бұлғар қонақ күтініп.  
Торлама шәлі  
оранған анам ошақта,  
Тобылғы бүрін  
жалпылдақ етті құшақтап.  
Кенжелеп туған  
бұйра бас қозы от кешіп  
Күйдіріп алған  
сарыала қылып өкпесін.  
Тай қазан қайнап  
ақ көбік болып ернеуі,

Кішкентай қыздың  
ақ көбік болды ермегі.  
“Көбігін қалқып берші”  
деп жылап отырып,  
Өз тостағанын да,  
көз тостағанын да алды толтырып.  
Маңайдан ұшқан  
шіркей де тынды сәтке осы,  
Інім де келді  
көршілер жаққа ат қосып.  
Сағынбас па екенсің  
сарынын судың кешкі сен,  
Жайлаудың түні-ай,  
қойлардың даусын естісең!  
Сағымын қуып  
даланың күнде жүретін,  
Балалық шіркін,  
басылып қапты дүр етіп.  
Қараймын күнде  
талдырып тауға нұрымды,  
Балдырған қайда,  
балалық қайда бұрынғы.  
Сирек те болса  
жайлауға шығам жолым боп,  
Баратын онда,  
шығатын онда төрім көп.  
Жырақтап жүрген  
шағында қиын бірақта,  
“Ұмыттың” деген  
ұялып жүрмін сұрақтан.  
Алатауменен  
астасып жатқан арманы,  
Атама көптен  
амандасуға бармадым.  
Жайлаудай жаның  
шалқар да болса бірақта,  
Сағынысуға жазған ба  
деймін жырақта.  
Біз сауған қойды  
басқалар жатыр қосақтап,  
Бақыт қой бізге  
осыларды ұмытпасақ та!

## АҚ БЕЛГІ

Хат келді азырақ кешігіп,  
Қарайлап күткенім осы еді.  
Сезімім жібек боп есіліп,  
Мерейім сәт сайын өседі.

Хат келді көтеріп қылығын  
Бір ұлдың алабұлт күздегі.  
Сырласы — қастерлі бұл ұғым  
Үміттің үзілмес тізбегі.

Ақ қырау тал басын қонақтап  
Тұрғанда ауылдан хат келді:  
“Бұла қыз ақ қардай бол анпақ  
Жанымның жалауы — ақ белгі”


Асаулық мінезбен арнапты  
Еркелік лебізін біршама.  
Ұйқымнан қаншама аунатты  
Тілінен от шарпып тұрса да.

Ойнақы сөздермен селдетіп,  
Сәлеммен сағынтқан хат келді.  
Тәтті ойлар қалдырдым белгі етіп,  
Ару таң күшқанда ақ белді.

## КЕЙБІРЕУ КЕМІТЕДІ

Аспаннан түскендей боп мені тегі,  
Қазбалап әр сөзімді кемітеді.  
Жосылтып қос бұрымды кең далада  
Өстім ғой оз ұямда егін-тегін.

Ананың ақ сүтіндей тіл маған нәр,  
Қашанда малышы үйінде кіл бағам бар.  
Қойшының қоңыр тілін қайдан білсін,  
Тек қана радиодан тыңдағандар...





## ТӨРИМНІҢ ТӨРТ ШЫРАҒЫ

Гүлдей майысып күнде  
Алдымнан шығатындарым.  
Жайыма қайысып мүлде  
Жанымды ұғатындарым.

Сағынып жетесіңдер  
Құшағымға жамырап бәрің.  
Бейкүнә бөпесіңдер,  
Болашақ шанырақтарым.

Құнарлы топырақтағы  
Төрт тал гүлдейсіңдер.  
Ақжарма атыраптағы  
Шуақты күндейсіңдер.

Жайдары жымыстарым,  
Жазира қуаныштарым.  
Көңілге күйылыстарым,  
Жаныма жұбаныштарым.

Байлығым, базарлы таңым,  
Өнерлі өрімталдарым.  
Абатым, ажарлы бағым,  
Кішкентай керімсалдарым.

Қызықты думандарым,  
Дархан боп көрінетін.  
Шетінен туған дарын,  
Орнатқан төріме күн.

Алаңсыз балапандарым,  
Шуаққа құштар мүлде.  
Кішкене алақандарын  
Қалқалап ұстар күнге.

Асыр сап ойнайтындарым  
Еркелеп кез келгеніне.  
Тәттіні қоймайтындарым  
Қол созып көз көргеніне.

Қызық-ау қылықтарың  
Үйімнің төрт діңгегі.  
Төрт кесе тұнық балым  
Тірліктің көркіндегі.

Әліппе ашқандарым  
Өзінше кереметтей.  
Бауырға басқандарым  
Күйбеңге елең етпей.

Төрімде төрт шырағым  
Өмірді жарық еткен.  
Сендермен өрт шығармын  
Жалғанды жарып өткен.

Жауқазын жарқындарым  
Жүректе жарған бүрін.  
Балапан, балғындарым —  
Жанымда жанған нұрым!

### СҮЙЕГІ АСЫЛ...

Өрмегін құрып аулаға,  
Өреге құртын жаятын.  
Дәм-тұзын салмай саудаға  
Дастарқан жайып қоятын.

Ұзай да алмай жыраққа,  
Белі бір құрғыр кілт етіп.  
Күн салып қарап қыратқа,  
Суланған көзін сүртетін.

Аймалар ауыл баласын,  
Толғанар корші қыздарын.  
Әжелер әсем жаны асыл,  
Таусылмаса екен тұз-дәмің!

Коненің көзі күндігін  
Қарқарадай қып киетін.

Бүкіл бір ауыл кіндігін  
Кескендей баурап сүйетін.

Кейуаналарды сиреген,  
Сүйегі асыл дер еді.  
Қолына теңдік тимеген  
Тарихтың бір-бір дерегі.

Топырағын елдің торқа деп,  
Тобықтай ойын түйетін.  
Жесірдің асын қорқа жеп,  
Жетімге жаны күйетін.

Тал бесік жыры дейтіннің,  
Қазынасы ол қашаннан.  
Бар болмысы кейпінің  
Ертегілерден жасалған.

Күндігін орап сәнденіп,  
Кимешек киген апалар.  
Сендерге келіп емделіп,  
Ұрпақтар ұлы бата алар!



## ӘДЕБИЕТШІ ӘЛЕМІ

(Ұлы Мұхтар шәкірті профессор Сұлтанғали Садырбаев  
ағаның ұстаздығын ұлықтау)

Мәстура ана мәпелен,  
Ақ уыз беріп өсірген.  
Айналып “әке-көкелеп”,  
Коз шырымын кеш ілген.

Жыр төгіп өткен өмірден,  
Абыздар қанша елдегі.  
Батырлар кетпей көңілден,  
Эпостар болған ермегі.

Батырлар жырын жастанып,  
Жауға да шапты атойлап.  
Жанарда мөлдір жас қалып,  
Жарадар етті жат аймақ.

Оралып елге олжа сап,  
Салтанат құрған сәт қандай.  
Құрсанған мұздай мол жасақ,  
Жеңісін тойлап жатқандай.

Қамбар боп көңіл шалқыды,  
Назымның елін қорғасып.  
Шарлады қиял арқылы,  
Кітапқа құмар болғасын.

Ғашық та болды егіліп,  
Құшуға хордың қыздарын.  
Арманның атын тебініп,  
Жұмақтың татты түз-дәмін.

Қыз Жібек, Баян, Құртқаның,  
Тағдырын талдап, қамықты.  
Ойлаған момын жұрт қамын,  
Қаһарман болып тарықты.

Қиыннан қисын іздеген,  
Ерлермен тізе қосыпты.

Бабалар салған ізбенен,  
Жалғаған жора-жосықты.

Сүйінбай, Жамбыл жырларын,  
Көк байрақ қылып ұстаған.  
Сапырып сөздің қырманын,  
Ұстазға шәкірт ұқсаған.

Әуезов басып бауырға,  
Шәкірті болды қалаулы.  
Ақындар туған ауылға,  
Мұхаңның көңлі сан ауды.

Ұлылар үні құлақта,  
Ұмытылмас сол бір сәттері.  
Қалса да жылдар жырақта,  
Сөйлейді өмір дәптері...

Қисапсыз ізбасарлары,  
Алғыспен басын иеді.  
Ғылымға талмай самғады,  
Жақсының асыл сүйегі!

Тұнығын кешіп сезімнің,  
Маржандай тізген лебізді.  
Саралап айтқан сөзі үлгі,  
Мұраты күшті негізгі.  
Талғам мен Талант егіз-ді.  
Ұстазға деген мың тағзым —  
Дәл осылай дегізді!





## АБЫСЫН

(P-ға)

Ән-өмір теңізінде,  
Жүзеді жарқыл қағып.  
Тектілік негізінде,  
Таниды әркімді анық.

Көбінде қабағы ашық,  
Мейманды қалайды өзі.  
Қазанға тамақ асып,  
Өтті ғой талай кезі.

Қуанса, қатуланса,  
Тұрады реңінде.  
Қаншама ашуланса,  
Кегі жоқ жүрегінде.

Таптырмас көршілікке,  
Келінге келісті ене.  
Жаны қас ерсілікке,  
Ұқсайды періштеге.

Өмірлік құрған жұбы,  
Достарға адал асы.  
Шалының құрбандығы,  
Ұлының садағасы.

Немере мойынында,  
Жалғасы ғұмыр-жастың.  
Сары шал қойынында,  
Сырласып, сыбырлассын...

## ДАЛАДАЙ ДАРХАН ДАНАХАН

Дастарханнан дәм үзбес,  
Тоқшылықтың күйі бар.  
Бас бәйбіше тәріздес,  
Сыйласқанға сыйы бал.